



ПРЕЗИДЕНТ

ӘДІЛЕТТІ, КҮШТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ - БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясын ашық деп жариялап, депутаттарға табыс тіледі.

Президент еліміз даму жолында аса маңызды кезеңге қадам басқанын атап өтіп, бір палаталы заң шығарушы органның қызметіне кірісуі, шын мәнінде, мән-мағынасы айрықша тарихи оқиға екенін жеткізді.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі. Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сөт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ қате болмас, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасында іргелі реформалар қолға



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйледі.

алынып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленгеніне назар аударды.

Индустрияландыру қарқын алып, экономиканың жаңа өндірістік негізі

айқындалып келеді. Мемлекет және шетелдік инвесторлар күйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мыңдаған жұмыс орны ашылып жатыр. Қазақстанда

халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды, – деді ол.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасында іргелі реформалар қолға алынып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленгеніне назар аударды.

Президент Әділетті, Күшті Қазақстанды құру баршаға ортақ міндет екеніне тоқталып, депутаттардың осы жолда табанды еңбек ететініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Конституцияда бекітілген қағидаттарға сай, еліміздің заңнамасын жаңғырту қажеттігін атап өтті. Бұл заң шығару үдерісінің тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы сөз соңында Құрылтайға атқарушы және сот билігін қалыптастыру, ел тағдырын айқындайтын стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешу жөнінде аса ауқымды құзырет берілгенін айтты.

Нағыз отаншыл азамат үшін өз халқына адал қызмет етуден асқан бақыт жоқ. Ұлт мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс. Әділетті, Күшті Қазақстанды құру – баршамызға ортақ міндет. Ел аманатына адал болу – парыз. Сіздер осы жолда табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Құрылтай жұмысына табыс тілеймін! Қастерлі Отанымыз өсіп-өркендей берсін! Қазақстан Республикасы жасасын!

«Akorda.kz».

ТАҒАЙЫНДАУ

ЕРЛАН ҚАРИН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай отырысына қатысып, Конституцияның 46-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Вице-Президенті кандидатурасын Құрылтай депутаттарымен келісті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Вице-Президент мемлекеттік басқару жүйесінде айрықша рөл атқарады, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді. Құрылтай депутаттарымен және Үкіметпен тығыз жұмыс істейді, Конституцияға сәйкес Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді іске асырады.

Президент бұл лауазымға Ерлан Тынымбайұлы Қариннің кандидатурасын ұсынды.

Ерлан Қарин – елге танымал азамат. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде ұзақ жыл жұмыс істеді, көкжиегі кең, тәжірибесі мол, отаншыл азамат деп айтуға болады. Ауқымды реформаларды сапалы іске асыруға белсенді түрде атсалысты. Мемлекеттің стратегиялық бағдарын, даму жоспарын жақсы түсінеді. Сондықтан Ерлан Тынымбайұлы Қаринді осы лауазымға лайық деп есептеймін. Құрылтайдан бұл кандидатураны қолдауды сұраймын, – деді Қасым-

Жомарт Тоқаев.

Дауыс беруге қатысқан 145 депутаттың 141-і Ерлан Қариннің кандидатурасын жақтап дауыс берді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Тынымбайұлы Қарин Қазақстан Республикасының Вице-президенті болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды, – деп мәлімдеді Ақорданың баспасөз қызметі.



ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ БОЛЫП ҚАЙТА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайдағы партиялар фракциялары жетекшілерінің пікірін ескере отырып, Үкімет басшысы лауазымына Олжас Абайұлы Бектеновтің кандидатурасын ұсынды.

Ол – мемлекетшіл, тәжірибелі, білікті азамат. Жауапкершілігін жақсы түсінеді. Бұған дейін Үкімет басшысы ретінде нәтижелі жұмыс істеді. Қазір еліміздің алдында ауқымды міндеттер тұрғанын жақсы білесіздер. Бұл мәселе бойынша Құрылтайдың тұңғыш отырысында толығымен айттым. Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналууда. Түрлі инфрақұрылымдық жобаларды қолға алдық.

Алда өлі де көп жұмыс істелуі керек. Жалпы, еліміздің Тәуелсіздігі мен Егемендігін нығайтуға, мемлекетімізді одан өрі дамытуға қатысты мәселелер өлі де күн тәртібінде тұр. Бұл мәселелерді бірігіп бірге ойдағандай, сәтті шешуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Премьер-министр лауазымына Олжас

Бектеновтің кандидатурасы депутаттардың басым дауысымен қолдау тапты.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Олжас Абайұлы Бектенов Қазақстан Республикасының Премьер-министрі лауазымына тағайындалды, – деп мәлімдеді Ақорданың баспасөз қызметі.



АЙБЕК ДӘДЕБАЙ ҚҰРЫЛТАЙ ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Депутаттар Айбек Дәдебайды Құрылтай төрағасы етіп сайлады. Оның кандидатурасын 144 депутат қолдады. Бір бюллетень жарамсыз деп танылды.

Дауыс беру қорытындысын Санақ комиссиясының төрағасы Жанарбек Әшімжанов жариялады.

Конституцияның 57-бабына сәйкес, Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Президент ұсынады.

Мен жауапкершілігі зор бұл лауазымға Айбек Арқабайұлы Дәдебайдың кандидатурасын ұсынамын.

Сіздер бұл тұлғаны жақсы білесіздер. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде көп жыл қызмет етті. Тәжірибесі мол деп айтуға

болады. Өзінің білімді, отаншыл, адал азамат екенін нақты істерімен дәлелдеді. Сондықтан оны осы лауазымға лайық деп санаймын. Құрылтай депутаттарынан Айбек Арқабайұлы Дәдебайдың кандидатурасын қолдауды сұраймын, – деді Президент.



ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ

АМАНГЕЛДІ САҒЫНДЫҚОВ «ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



28 тамыз күні Мағжан Жұмабаев ауданында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Мағжан Жұмабаев аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Амангелді Оралбайұлы Сағындықовты салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Іс-сараға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Арыстан Баяхметұлы Құжымов қатысты.

2005 жылдан бері 21 жылдан астам уақыт бойы Амангелді Оралбайұлы аудандық аумақтық инспекцияны басқарып келеді. Осы жылдар ішінде өзін тәжірибелі, жауапты әрі талапшыл басшы ретінде танытып, ауданның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға елеулі үлес қосты. Өріпкестері мен аудан тұрғындарының құрметіне бөленді.

Бүгін Амангелді Оралбайұлы лайықты марапатқа ие болды. Көп жылғы адал еңбегі, жоғары кәсібилігі және агроөнеркәсіптік кешенді

дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Сапаровтың бұйрығымен оған «Еңбек ардагері» медалі және құттықтау хаты табысталды.

Құрметті Амангелді Оралбайұлы мерей-тойыңызбен және лайықты марапатыңызбен құттықтаймын!

Сізге зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат, отбасылық амандық, жаңа кәсіби жетістіктер және ауданымыз бен еліміздің игілігі жолындағы жемісті еңбегіңізге толы ұзақ ғұмыр тілейміз.

Жылдар бойы жинақталған мол тәжірибеңіз алдағы уақытта да агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына және өңіріміздің өркендеуіне қызмет ете берсін, - деді Рахат Смағұлов.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЕҢБЕК ШАРТЫ ЖАСАЛМАЙ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНСА: КІМ ЖӘНЕ НЕ ҮШІН ЖАУАПТЫ?

Еңбек шартына сәйкес рәсім түрде рәсімделуі - жай ғана формальдылық емес, бұл жұмыс берушінің, міндеті өрі жұмыскердің еңбек шартының бұзылуына негізгі кепілдіктерінің бірі. Дегенмен, тәжірибеде мемлекеттік еңбек инспекторлары жұмыскердің еңбек шартын жасалмай тұрып, еңбек міндеттерін орындауға нақты кіріскен жағдайларды жиі анықтайды.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - ҚР ЕК) 23-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа қабылдау кезінде онымен еңбек шартын жасасуға міндетті.

ҚР ЕК 33-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек шарты жазбаша нысанда кемінде екі данада жасалып, оған жұмыскер мен жұмыс беруші қол қояды. Еңбек шартының бір данасы міндетті түрде жұмыскерге табыс етіледі.

ҚР ЕК 33-бабының 3-тармағына сәйкес жұмыскер еңбек міндеттерін орындауға еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жіберіледі. Егер жұмыс беруші өзінің кінәсінен жұмыскерді еңбек шартын рәсімдемей еңбек міндеттерін орындауға жіберсе, онда мұндай құқық бұзушылық үшін жауапкершілік жұмыс берушіге жүктеледі. Бұл ретте еңбек қатынастары жұмыскердің нақты жұмысқа кіріскен күнінен бастап туындаған болып есептеледі.

Еңбек шарты жасалғаннан кейін жұмысқа қабылдау жұмыс берушінің әкісімен рәсімделеді. Бұл талап ҚР ЕК 34-бабында көзделген.

Жазбаша еңбек шартының болмауы

жұмыс берушіні еңбек заңнамасында көзделген міндеттерді орындаудан босатпайды. Жұмыскер жалақыны уақтылы және толық көлемде алуға, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына, қауіпсіз еңбек жағдайларына, міндетті әлеуметтік сақтандыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де кепілдіктер мен өтемақыларға құқығын сақтайды.

Жұмыскерді еңбек шартын жасаспай жұмысқа жібергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 86-бабына сәйкес жұмыс берушінің адамды еңбек шартын жасаспай жұмысқа жіберуі кәсіпкерлік субъектісінің санатына қарай 30-дан 150 айлық есептік көрсеткішке дейін әкімшілік айыппұл салуға өкпесіз соғады. Егер бұл құқық бұзушылық әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанса, әкімшілік айыппұл мөлшері ұлғайтылады. Сонымен қатар көмелетке толмаған адамды еңбек шартын жасаспай жұмысқа жібергені үшін де жеке жауапкершілік көзделген.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы жұмыс берушілерге еңбек заңнамасының талаптарын сақтау міндетті екенін еске салады. Жұмыскерді нақты жұмысқа жібергенге дейін еңбек шартын уақтылы жасасу еңбек қатынастарының заңдылығын қамтамасыз етуге, жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға және әкімшілік жауапкершіліктің алдын алуға мүмкіндік береді.

Егер жұмыскер еңбек шартын рәсімдемей нақты жұмыс істеп жүрген болса, өзінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ немесе сотқа жүгіну ұсынылады.

Жанар ӘБДІҚАСЫМОВА,
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі
Мемлекеттік еңбек инспекциясы
комитетінің Солтүстік Қазақстан
облысы бойынша департаментінің
мемлекеттік еңбек
инспекторы.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ ЖЕҢІЛДЕДІ

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде өтініш беруден бастап, соңғы шешім қабылданғанға дейінгі барлық кезек, цифрлық жүйелердің көмегімен бірізді түрде жүзеге асырылады.

Цифрлық шешімдер құжат айналымын азайтып, рәсімдеу процесін жеңілдетеді. Азаматтар қажетті көмекті алу үшін артық уақыт жоғалтпайды.

Бүгін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 4 мыңнан астам адамның медициналық-әлеуметтік сараптамадан электронды кезекпен өткенін хабарлады.

Қазір Ақмола облысы мен Алматы қаласында медициналық-әлеуметтік сараптамадан өту тәртібін жеңілдету үшін электронды кезек жұмыс істеп тұр.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЗАҢНАМАЛАРДЫ САҚТАУ - АДАЛ ЖӘНЕ ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қазіргі қоғамда мемлекеттің орнықты дамуы негізінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметінде маңызды орын алатын мемлекеттік қызметшілердің адалдығымен, ашықтығымен және жауапкершілігімен айқындалады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және этикалық қағидастарды қолдау құқықтық мемлекеттілікті қамтамасыз ету және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыру үшін басым міндеттерге айналды.

келтіреді.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия қабылданды, ол мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары мен тетіктерін белгілейді.

Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды құралдарының бірі Әдеп кодексінің қабылдау және сақтау болып табылады. Әдеп кодексі Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мінез-құлқының, олардың тәуелсіздігінің, объективтілігі мен адалдығының стандарттарын айқындайды. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік қызметте этикалық сана мен адамгершілікті қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметте сыбайлас жем-

қорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясын және Әдеп кодексінің іске асыру шараларын кешені және ұйымдық қайта құруларды қабылдауды көздейді. Кадрларды іріктеу мен оқытудың тиімді жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтауға және алдын алуға бағытталған жоспарлы тексерулер жүргізу маңызды қадам болып табылады.

Мемлекеттік қызметте заң бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мемлекеттік органдардың жұртшылықпен белсенді өзара іс-қимылын талап етеді. Азаматтарды, үкіметтік емес ұйымдарды және белсенді азаматтарды мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бақылау және бақылау жүйесіне тарту сыбайлас жемқорлықты анықтауға және алдын алуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Рес-

публикасының Мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамасының профилактикасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Әдеп кодексінің сақтау адал және тиімді мемлекеттік қызметтің негізгі қағидастары болып табылады. Аталған шараларды іске асыру азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға және тұрақты және әділ қоғамның дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Мемлекеттің жұртшылық пен мемлекеттік қызметшілердің бірлескен күш-жігерімен ғана біз алға қойған мақсаттарға қол жеткізе аламыз.

Гаухар СЫЗДЫҚОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
көмелетке толмағандардың істері
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сот әкімшісі
басшысының орынбасары.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамасы бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды құралы болып табылады. Оған мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының ережелері мен стандарттарын анықтайтын бірқатар ережелер кіреді. Атап айтқанда, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттерін, олардың қызмет принциптерін, сондай-ақ заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын белгілейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік қызметшілердің басты міндеті болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігіне теріс әсер етеді, азаматтардың сенімін бұзады және құқықтық мемлекеттің негіздеріне нұқсан

«МЕКТЕБІМ – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ»

1 қыркүйек күні аудан әкімі Рахат Смағұлов Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепке барып, жаңа оқу жылының басталуына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты іс-шараға қатысты.

Салтанатты жиынның сәнін көлтіріп, білім ордасына алғашқы қадам басқалы отырған 1-ші сынып оқушылары және мектеп қабырғасындағы соңғы оқу жылын бастағалы отырған 11-ші сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге сахна төріне көтеріліп, жиналған жұртшылықтың зор қошеметіне бөленді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізіліп, айбынды Әнұран орындалған соң, «Мен жастарға сенемін» атты қойылым қойылды.

Оқушыларды, ұстаздар мен ата-аналарды Білім күнімен алғашқы болып аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, мектеп оқушыларына оқуында жетістіктерге жетіп, жаңа дүниелерді танып-білуге, қызықты

ұжымының жауапкершілігі де жоғары.

Қазіргі таңда мектепте 29 ұстаз қызмет жасайды. Ұжымда тәжірибелі, білікті педагогтер еңбек етуде. Ұзақ жылдар бойы мектепте қызмет атқарған ардагер ұстаздар Найманбаева Бақыт Файзоллақызы, Ахметжанова Раушан Шамшоллақызы және Рамазанов Әлібек Қасенбайұлы. Олар саналы ғұмырын ұстаздыққа арнап, талай шәкіртке сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, мектептің дамуына елеулі үлес қосты.

Мектептің 27 жылдық білім беру тарихында 600-ден астам шәкірт түлеп ұшты. Осы білім ордасынан түлеп ұшқан шәкірттер бүгінде Қазақстанның түрлі салаларында еңбек етіп, ертүрлі жауапты қызметтер мен лауазымдарда абыройлы қызмет атқарып



болуы – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Қолдауды қажет ететін отбасылар мен балалар да назардан тыс қалмайды. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында 850-ден астам балаға көмек көрсетілді. Бұл қолдау бюджет қаражаты және демеушілердің қаржысы есебінен жүзеге асырылды.

Биыл аудан орталығында «Мағжан» креативті IT-орталығының ашылуы да – біз үшін маңызды жаңалық. Бұл – балаларымыздың ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект саласындағы заманауи бағыттарды меңгеруіне мүмкіндік беретін жаңа білім беру алаңы. Мұнда оқушылар тек жаңа білім алып қана қоймай, өз идеяларын жүзеге асырып, цифрлық дағдыларын дамытып, болашақ мамандықтарына алғашқы қадамдарын жасай алады.

Мұның барлығы – мемлекет, ұстаздар, ата-аналар, кәсіпкерлер мен біздің меценаттарымыздың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Біздің ортақ міндетіміз – балалардың сапалы білім алуына, жасқа демалуына, шығармашылықпен айналысуына және жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау.

Қымбатты оқушылар! Жаңа оқу жылында білімге күштар болып, биік мақсаттарға ұмтылыңыздар! Оқуда озат, еңбекте талапты, елге қызмет ететін білімді де отаншыл азамат болып қалыптасуларыңызға тілектеспін. Жаңа оқу жылында баршаңызға сәттілік пен үлкен жетістіктер тілеймін!

Білім күні құтты болсын! Жаңа оқу жылы табысты болсын, – деді Рахат Нұзымбекұлы.

Сондай-ақ мереке күні білім саласының ардагерлері Ахметжанова Раушан Шамшоллақызы мен Найманбаева Бақыт Файзоллақызы, мектеп демеушісі, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Мұсаринов Талғат Ақбергенович, мектеп директоры Жекенов Ербол Орынбасарұлы, 1-ші сынып ата-аналары атынан Мүкеева Айтолқын Бөгенбайқызы кезек-кезек сөз алып, барша жиналған қауымды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Іс-шарада жас өнерпаздар Отанға деген ыстық ықыласы мен туған елге деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізіп, мектеп мерейін үстем етті.

Әсіресе, білім ордасына алғаш қадам басқан бүлдіршіндеріміздің жүрекжарды жырларына дүйім халық риза болып, қошеметтерін аямай, ұзақ қол соқты.

11-ші сыныптың үздік оқушылары Қасенов Диас пен Қайыржанова Гүлжан, сондай-ақ 1-ші сыныптан мектеп табалдырығын алғаш аттаған Мереке Әмірхан және Қабылжан Медина жаңа 2026–2027 оқу жылының алғашқы қоңырауын соғу құрметіне ие болды.

Осылайша, салтанатты жиын өз мәресіне жеткен соң, мектеп ұстаздары мен оқушылары сынып кабинеттеріне «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында өтетін бірыңғай сынып сағатына аттанды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



белестерді бағындыруға және өз күштеріне сенімді болуға тілектестік білдірді.

Әсіресе, ол 1 қыркүйек күні өмірлерінің жаңа парағын ашып, мектеппен, алғашқы ұстаздарымен және білім әлемімен танысатын бүлдіршіндерге ерекше жылы лебізін білдірді.

Құрметті ұстаздар, ардақты ата-аналар, қымбатты оқушылар!

Сіздерді 1 қыркүйек – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Білім күні – білім әлемінің есігін айқара ашып, әр баланың болашағына жол бастайтын ерекше күн. Биыл аудан бойынша 255 бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттаса, осы мектепте 16 бүлдіршін бірінші сыныпқа қабылданып, алғашқы оқу жылын бастайды.

Қымбатты жас бүлдіршіндер, мектептегі алғашқы қадамдарың құтты болсын! Алдарында қызықты сабақтар, жаңа достар, алғашқы жаңалықтар мен жеңістер күтіп тұр. Сабақты жақсы оқып, тәртіпті, білімге күштар, үлгілі оқушы болыңдар! Сендер – еліміздің болашағысыңдар. Алтын ұя мектептерің сендерді әрдайым құшақ жая қарсы алады.

Бүгінде мектептерде оқушылардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалуда. Қажетті құрал-жабдықтар мен техникалар жаңартылып, заманауи технологиялар енгізілуде. Мұның барлығы – балалардың жарқын болашағы үшін жасалып жатқан игі жұмыстар.

Бүгінгі жерлесіміз, көрнекті ақын, педагог, ағартушы Мағжан Жұмабаевтың есімін иеленген осы білім ордасына арнайы келіп, Білім күнімен құттықтауды жөн көрдім. Мағжан есімі біз үшін қастерлі. Ол білімге, ғылымға, ел болашағына және жастарға үлкен сенім артқан. Сондықтан бұл мектеп

жүр. Сонымен қатар, мектеп түлектерінің бірқатары ауданымызда түрлі салаларда жемісті еңбек етіп, ел игілігіне өз үлестерін қосуда. Бұл – ұстаздардың қажырлы еңбегі мен мектепте берілген сапалы білім мен тәрбиенің жемісі.

Ұстаздар еңбегінің нәтижесі оқушылардың жетістіктерінен көрінеді. Соңғы 10 жылда мектептің 7 түлегі «Алтын белгі», 15 түлегі – Үздік аттестат иегері атанды. Мектеп түлектерінің қатарында бүгінде өз саласында абыройлы еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Мәселен, Смайылова Әсел – облысқа танымал жас ұстаз, көптеген олимпиада жеңімпаздарын дайындап жүрген білікті маман. Ал Мадияров Асхат әскери қызметте абыройлы еңбек етіп, қызметтегі жетістіктері үшін Мемлекет басшысының «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Мұндай азаматтардың ел игілігі жолында атқарып жүрген еңбегі – мектеп ұжымының маңдай тері мен ұстаздар еңбегінің нақты нәтижесі. Алдағы уақытта да бұл мектептен елімізге қызмет ететін білімді, білікті, отаншыл азаматтар көптеп түлеп ұшуды деп сенемін.

Қазіргі оқушылар республикалық және облыстық олимпиадаларда, ғылыми жобалар мен түрлі білім сайыстарында жүлделі орындарға ие болып келеді. Өткен оқу жылында ғылыми-зерттеу жобалар байқауында I орын, ал «Үздік мектеп парламенті» байқауының облыстық кезеңінде III орын иеленді.

Құрметті ата-аналар! Бұл жетістіктер – мектеп пен ата-ананың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Балаға қолдау көрсетіп, ұстаздармен тығыз байланыста болсақ, бұдан да жоғары нәтижелерге жетеміз. Мектепте оқушылардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған, – деді Рахат Нұзымбекұлы.

Сондай-ақ аудан басшысы ауданда балалардың жазғы демалысы мен сауықтыруының ұйымдастыруға да ерекше көңіл бөлініп жатқанын тілге тиек етті. Мәселен, биыл жазғы демалыстың түрлі формаларымен үш мыңға жуық бала қамтылған. «Березка» жазғы сауықтыру орталығында 700-ден астам бала демалып, денсаулықтарын нығайтқан екен.

Аудан жаңа оқу жылына да алдын ала дайындалды. Биыл төрт мектепте жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Жас техниктер үйіне қайта жаңғырту жұмыстары жасалды. Жаңа оқу жылынан бастап мұнда қосымша білім берудің алты бағыты бойынша үйірмелер жұмыс істейтін болады. Бұл балалардың қабілеттерін дамытуға, таланттарын ашуға және бос уақыттарын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Осы ретте ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға белсенді атсалысып жүрген демеушілеріміз бен меценаттарымыздың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Олардың қолдауымен Сулышоқ ауылында спорт залы, Ноғайбай ауылында балабақша салынууда. Советское ауылында хоккей кортының құрылысы жүргізілуде. Таманское ауылында стадионға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, балаларға арналған ойын алаңы орнатылды.

Алдағы жоспарларымыздың қатарында Булаевқаласында бассейні мен ойын алаңы бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенін және тоқсан орындық балабақша салу да бар. Ал Қарақоға ауылында 400 орындық жаңа мектептің құрылысы басталады. Бұл балалардың барлығы балаларымыздың спортпен айналысуына, белсенді өмір салтын ұстануына және жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған. Балалардың аудан орталығында ғана емес, ауылдық жерлерде де осындай мүмкіндіктерге ие



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

МАҒЖАН МҰРАСЫ – ҰРПАҚТАР ИГІЛІГІ

Өткен жұма күні ауданға Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Серікжан Жәлелұлы Ғабдуллин жұмыс сапарымен келіп, «Қазақ халқының ұлы ағартушысы - Мағжан Жұмабаев» атты ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.



Жұмыс сапары аясында құрметті мейман жуырда даңғыл жолда бой көтерген Мағжан Жұмабаевқа арналған стеллага барып, ақын рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Серікжан Жәлелұлы жаңа нысан алдында Мағжанның немере інісі Сәлімжаннан туған Тасболаттың жұбайы - Бекенова Сара Ғабдулғазизқызымен және оның қызы Гүлмирамен кездесіп, ақжаулықты қариядан бата алды. Төттіден шашу шашылып, қазыналы қарттар тарапынан ізгі тілектер айтылды.

Сондай-ақ осы жерде конференцияға қатысушылар стела авторы - танымал қазақстандық мүсінші, суретші және сәулет-дизайн саласының маманы Жалын Бауыржанмен жүздесіп, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің түлегі Снежана Рамазанованың орындауында жерлес ақынның «Туған жер» өлеңін тыңдады.

Ұлт руханиятының ұлы тұлғасына арналған ескерткіш пен кездесуден рухани азық алған құрметті қонақтар Булаев қаласындағы Magzhan Creative & IT Center орталығына барды.

«Цифрлық қоғам» жобасы аясында ашылған орталық - өңірдің цифрлық экосистеміне дамыту бағытындағы маңызды алаңдардың бірі. Мұнда жастар бағдарламалау негіздерін меңгеріп, заманауи технологиялармен жұмыс істеп, стартап жобаларын жүзеге асыра алады, сондай-ақ креативті ресурстарға қол жеткізеді, сонымен бірге ол ауданда цифрлық тәңсіздікті азайтып, ауыл жастарына жаңа мүмкіндіктер беретін таптырмай алаңға айналып отыр.

Бұдан кейін аудан әкімдігінде «Қазақ халқының ұлы ағартушысы - Мағжан Жұмабаев» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

Маңызды іс-шараға Солтүстік Қазақстан облысының бойынша төрешілер одағы филиалының төрағасы Бауыржан Жайқұманов, Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Бердібек Мұстафин, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы Манас Бұрашев, сот жүйесінің, мемлекеттік органдардың, білім және мәдениет саласының өкілдері, қоғам белсенділері мен жастар қатысты.

Конференция барысында ұлы жерлесіміздің өмірі мен шығармашылық мұрасы, оның педагогикалық және ағартушылық идеялары, сондай-ақ олардың қазіргі қоғам үшін маңызы талқыланды.

Алқалы жиында аудан әкімі Рахат Смағұлов ашып, жүргізіп отырды. Ол алғашқы сөзді конференцияның құрметті қонағы - Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Серікжан Ғабдуллинге берді.

Серікжан Жәлелұлы өз сөзінде сот жүйесі заңдылықты нығайтуда, азаматтардың құқықтарын қорғауда және қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыруда ерекше рөл атқаратынын айтты, бұл орайда Мағжан Жұмабаевтың адамгершілік және ағартушылық идеялары мен олардың азаматтық жауапкершіліктің қазіргі заманғы қағидаттарымен байланысы туралы әңгімеледі.

- Бүгін біз Мағжан Жұмабаевты әр жағынан қарауға тырыстық. Бұл әңгіменің осы жерде - Мағжанның туған жерінде өткені ерекше символдық мәнге ие. Біз тарихты өзгерте алмаймыз, бірақ оның мұрасымен бүгін не істеу керектігін шеше аламыз. Егер оның өлеңдерін біздің балалар оқитын болса, егер оның идеяларын жастар талқылайтын болса, егер оның есімі жаңа зерттеулер мен игі істерге себеп болса, онда ұрпақтар арасындағы байланыс жалғасады. Мағжанның туған жері ұлы ақынның есімі ғана емес, білім, мәдениет, білім және жаңа идеялар аумағы болсын. Конференцияға қатысушылардың барлығына мазмұнды әңгіме үшін алғыс айтамын, - деді Серікжан Ғабдуллин.

Ал Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Бердібек Мұстафин баяндама барысында Мағжан Жұмабаев - қазақ және бүкіл түрік халықтарының ортақ ақыны екенін тілге тиек етті.

- Мағжанның жеке және қоғамдық өмірі мен қызметі тағдырлы болды. Тәуелсіздік құндылығы, қазіргі заманғы ұрпақты Мағжанмен қайта қауыштырды, оның рухани болмысының тірегіне айналды. Алайда әлі де қоғам үшін оның ақындық қызметі, жырларының даналық ойлары зерттеуді қажет етеді. Бұл шарттар қазақстандық қоғамның ұлттық идеологиялық кеңістігіндегі тұлғаның мәдени дамуына, ұлттық сана сезіміне, отаншылдық рухына деген қажеттіліктерден туындап отыр, - деді Бердібек Ермекулы тарихқа көз жүгіртіп.

Иә, Мағжан Жұмабаевтың дүниетанымында білім ерекше орын алды. Ол тек ағарту қажеттілігі туралы ғана жазған жоқ, ол әзі педагогикалық қызметпен айналысып, жеке тұлғаны тәрбиелеу және мұғалімнің рөлі туралы ойлады.

Осы ретте педагогика саласының ардагері Жеміле Досоваға сөз сөйлеп, «Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеялары және олардың қазіргі заманғы білім үшін маңызы» атты тақырыбында баяндама жасады.

Мағжан Жұмабаев XX ғасырдың басындағы қазақ зияткерлік және әдеби ортасының ең көрнекті өкілдерінің біріне айналды. Оның шығармашылығы күрделі кезеңді бейнелейді және сонымен бірге өз уақытынан тысқары шығатын мәселелерді көтереді. Ұрпақтар арқылы Мағжан Жұмабаевты кім және қалай зерттеді.

Аталған тақырыпты аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Серік Жумағұлов пен аудандық архив директоры Төлеген Әбілмәжінов ертіп, жан-жақты тоқталды.

Іс-шарада қатысушылар Мағжан Жұмабаевты әр жағынан қарап, өскелең ұрпақты құқықтық ағарту, құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және заңға құрметпен қарауды қалыптастыру өзекті мәселе екенін айтқада.

Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дәмежан Ысқақова өз сөзінде «Құқық бұзушылықтың алдын алудың негізгі ретінде жастарды құқықтық ағарту» тақырыбын қозғап, мәдени және тарихи мұра, соның ішінде Мағжан Жұмабаевтың

шығармашылығы жастарды құқықтық тәрбиелеудегі рөлі қашанда жоғары екенін айтты.

Осылайша, жиында жастарды тәрбиелеу, құқықтық сауаттылықты арттыру, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру және заңға деген құрметті нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кездесуде ақынның туысы Гүлмира Тасболатқызы сөз алып Жұмабаевтар әулетінің тарихына тоқталып, өсіресе, ақынның ақталуы арқылы халыққа оралғанын тебірене жеткізді.

- Мағжан ақталғанда ел болып қуандық. Өсіресе, тағдыр тауқыметін көрген оның туыстарының қуанышында шек болған жоқ. Әкем марқұм Тасболат Сәлімжанұлы бір бие сойып, ауылдастарына ас беріп, ата-баба рухына Құран бағыштады.

Мен ұстаздық қызметті тандап, қазір Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары гуманитарлық колледжінде «Мағжантану» өмірім сабақ беремін. Атақты атамның өмірі мен шығармашылығын зерттеу және оны насихаттау - өкемің маған тапсырған аманаты. Сондықтан мен жастарға өзімнің білгенімді, естігенімді және қазақ зиялыларының зерттеулерін жеткізуді пәрзыым деп санаймын.

Осы орайда, мен ұстаз ретінде өскелең ұрпақ үшін «Мағжантану» оқулығын басып шығару туралы ұсыныс жасаймын. Себебі, ақын туралы материалдар әлі де жеткіліксіз, зерттеуді және ізденісті қажет етеді. Осы төңіректе жұмыс жасау қажет деп санаймын және мен оған дайынмын, - деді көпшілік алдында Гүлмира ханым.

Өз кезегінде аудан басшылығы тиісті орынбасарына аталған ұсынысты қарастыру жөнінде тапсырма берді.

Іс-шарада «Мағжан жұлдызы» газетінің шеф-редакторы Еркебұлан Елубаев та конференцияға қатысты өз ойын білдіріп, ауданда жерлес ақынның есімін кеңінен насихаттау мен ұлықтау мақсатында жасалып жатқан игі істерді тілге тиек етті.

- Мағжан Жұмабаевтың есімін иеленген аудан болғандықтан бәрімізге үлкен жауапкершілік жүктелген. Осыған орай, ауданда аумағында ақиық ақын, қазақ халқының біртуар азаматы, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаев атында шекара бөлімі мен музей, мектеп пен газет, аудан орталығы мен туған жерінде ескерткіштер, елді мекендерде көшелер және әр мектепте стендтер, стела мен IT Center орталығы бар. Әйгілі Сасықкөлдің жағасында орналасқан Жұмабаевтар әулетінің ата қонысы арналған қасиетті орын абаттандырылып, құлпытас жаңартылды. Атақты жерлесіміздің өмірі мен шығармашылығына арналған республикалық ақынды айтқысы ұйымдастырылып, ғалымдармен ғылыми конференциялар және жас дарындарға арналған мұшайралар мен оқулар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Осының бәрі «Мағжан мұрасы - мәңгілік» екеніне, оның жалынды жырлары әлі де жас ұрпаққа жарқын болашақ құруға бағыт-бағдар беріп, азат елдің арда азаматы болуға үгіттейтінін айғағы, - деді Еркебұлан Әлімжанұлы.

Шынында да мұндай танымды кездесулер ұлы жерлесіміздің мұрасын жаңаша пайымдауға және жас ұрпаққа Мағжанның

РАХАТҚА
АЛҒЫС!

Ата-анаңа мың алғыс,
Өмірде өкелеген сені.
Сеге қызымет етіп жүр,
Ардақтан туған жеріңді.

Рахат - елдің көркісің,
Ауданның бір тірегісің.
Қайыр болып халқыңа,
Әңбегіңмен бүкілсің.

Құндіз-түні дамып татпай,
Аудан көркін ажарлатпай.
Жақсылықты жолға бастап,
Көптің көңілін қуантпай.

Ел тарихын ұлықтаған
Стеланың бой көтерді.
Өткен-кеткен жолдаушы
Суретке түсіп, төрледі.

Мағжан ата - ұлы ақын,
Туған жердің мақтаны.
Төрт аққу - Алланың құсы,
Берсін сеге ақ батаны.

Мағжан рухы руза болып,
Қалған тұрсын әр ісінді.
Тарихта бұл күн сақталып,
Жастар көрсін өнегесінді.

Саттанатты сол бір күні
Мен де барып, руза болдым.
Сеге жасаған әңбегіңе
Уллы жүректем

алғыс айттым.

Жалынның ұлы ақынның,
Ақ нистепн жыр арнадым.
Сеге жасаған әңбегіңді,
Жүрегіме нық байладым.

Аудан көркейе берсін деп,
Ақ тілегім қабы болсын.
Рахаттай сеге қызмет өткен
Азаматтың бағы жансын!

Сара БЕКЕНОВА,
Жұмабаевтар әулетінің
көші.

білім, адамгершілік, жауапкершілік пен ел болашағы туралы идеяларының бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді.

Ғылыми-практикалық конференция соңында Рахат Смағұлов ақынның туған жерінде өткен алқалы жиыннан естелік ретінде құрметті қонақтарға Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған, жеті тілде жарық көрген құнды кітапты табыс етті.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
суреттерді түсірген автор.

ЕЛІМІЗДЕГІ БАРЛЫҚ ЭТНОСТАРДЫҢ ТІЛДЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІН ҚҰРМЕТТЕЙТІН МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ

Мерекенің тарихы

Бұғандейін (1998 жылдың 20 қаңтарынан бастап) мереке 22 қыркүйекке тоялайын келген. Ал 2017 жылғы «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, атаулы күн 5 қыркүйекке ауыстырылды. Мерекенің жаңадан белгілену себебі – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттығы – тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты. Бүгін барша қазақстандық қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тілдер мерекесін атап өтеді.

Көп тілді, бір мақсатты ел

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Қазіргі таңда елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бейбіт өмір сүріп, еңбек етеді. Олар жүзден астам тілді қолданады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, сондай-ақ орыс тілі ресми түрде қатар қолданылады. Әрбір этностың ана тілін, мәдениеті мен дәстүрін дамытуына жағдай жасалған.

Тілдер күні – халықтар арасындағы достық пен бірлікті дәріптейтін, елдің басты құндылықтарының бірі – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған мереке. Бұл күннің басты мақсаты – Қазақстандағы әрбір азаматтың ана тілін құрметтеуге, мемлекеттік тілді дамытуға, мәдениетаралық түсіністік пен сыйластықты нығайтуға шақыру.

Қазақстан халқы тілдері күні – ел бірлігінің, достық пен ынтымақтастықтың жарқын көрінісі.

Тіл – әрбір халықтың тарихы мен даналығының қоймасы. Оны сақтау, келер ұрпаққа мирас етіп қалдыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Мағжан Жұмабаев ауданындағы тіл саясаты

Ұлы ақын, тағдыр төлкегіне ұшыраған қазақ зиялысы Мағжан Жұмабаевтың есімін мақтанышпен алып жүрген ауданымызда тіл мәселесіне айрықша мән беріледі. Аудан өкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, этномәдени бірлестіктердің қызметін қолдау, қазақ тілі курстарын ұйымдастыру, түрлі байқаулар мен фестивальдер өткізу бағытында жүйелі жұмыс атқарады.

Жыл бойы Солтүстік Қазақстан облысы

Тәуелсіз Қазақстанның танырағында түрлі ұлт өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп, бір-бірінің тілі мен мәдениетін құрметпен келеді. Осы бірлік пен ынтымақтастықтың нышаны ретінде әр жылдың 5 қыркүйегінде елімізде Қазақстан халқының тілдері күні аталып өтеді. Бұл күні – қазақ тілі білімінің негізін қалаған, «Ұлт ұстазы» атанған ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келеді.



өкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалымен бірлесе отырып, «Сауатты көрнекі ақпарат – біздің ортақ ісіміз» акциясы аясында «Қазақстан

Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21 бабында белгіленген талаптардың толық сақталуын қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізуде.

Мағжандықтар Наурыз, Қазақстан

5 қыркүйекте Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі тойланады. Әр этностың тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрлері дәріптеліп, білім беру, мәдениет, кітапхана мекемелерінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Осы ретте, мен мемлекеттік тіл – қазақ тіліне тоқталуды жөн санаймын.

Мадияр МОЛДАБЕК,
Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында, соның ішінде сот төрелігін жүзеге асыру барысында кеңінен қолданылуы – мемлекеттіліктің маңызды негіздерінің бірі.

Сот жүйесі – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік биліктің маңызды тармағы. Сондықтан сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану тек заң талаптарын орындау ғана емес, сонымен қатар азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыруға ықпал ететін маңызды міндет деп есептеймін.

Сот процесіне қатысушылардың өз құқықтары мен міндеттерін толық түсінуі әділ сот төрелігінің негізгі шарттарының бірі. Мемлекеттік тілде жүргізілген сот ісі азаматқа сот талқылауының мазмұнын, қабылданатын шешімдердің мәнін және өзінің процессуалдық құқықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде сот актілерінің сапасы мен түсініктілігін арттырады.

Қазіргі таңда сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Судьялар мен сот қызметкерлерінің қазақ тілін кәсіби деңгейде меңгеруі, сот құжаттарын мемлекеттік тілде сапалы әзірлеуі, сот процесстерін қазақ тілінде өткізу тәжірибесін кеңейту – осы бағыттағы негізгі міндеттердің бірі.

Мемлекеттік тілді сот тәжірибесінде қолдану судьядан тек тілдік білімді ғана емес, заң терминологиясын дұрыс ері нақты пайдалануды да талап етеді. Себебі сот құжатындағы әрбір сөздің құқықтық маңызы бар. Заң талаптарының мазмұнын бұраламай, оны азаматтарға түсінікті әрі сауатты жеткізу – судьяның кәсіби жауапкершілігінің бір бөлігі.

Сонымен қатар мемлекеттік тілді дамыту тек судьялар мен сот қызметкерлерінің міндеті деп қарауға болмайды. Бұл – қоғамның ортақ ісі. Адвокаттар, прокурорлар, мемлекеттік органдардың өкілдері және сот процесіне қатысушылар мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға атсалысса, оның сот төрелігіндегі қолданыс аясы да кеңейе түседі.

Сот төрелігінің басты қағидаларының бірі – заңдылық пен әділдік. Ал мемлекеттік тілдің сот жүйесінде орнығуы осы қағидаларды жүзеге асырудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. Қазақ тіліндегі сапалы сот ісін жүргізу – құқықтық мәдениетті көтеруге, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуға және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға қызмет етеді.

Сондықтан әрбір судья мен сот қызметкері мемлекеттік тілді құрметпен қолданып, оның сот жүйесіндегі беделін арттыруға өз үлесін қосуда. Мемлекеттік тілдің сот төрелігі саласында толыққанды қолданылуы – бүгінгі күннің талабы ғана емес, келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің, тәуелсіздіктің және ұлттық құқықтық мәдениеттің маңызды тірегі. Оны сот ісін жүргізуде жүйелі ері сапалы қолдану – баршамызға ортақ басты міндет.

Нартай ӘРІПХАН,
Солтүстік Қазақстан облысының
көпмәртеу тоқмағандардың
істері жөніндегі мамандырылған
ауданаралық сотының судьясы.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛІ – ӨТЕ БАЙ

Қазақ халқының тілі – өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы. Өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды адам тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде, біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру – әрбіріміздің борышымыз.

Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – өркімнің қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егеменді алуы тіл мен психологиясына, оның өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің ерісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін маңызды қадамдар жасалуда.

Осы орайда, жүзден астам этнос өкілдері мекен ететін Қазақстан үшін қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіл деңгейіне көтерілуі – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, тілді ел тұтастығын берік ете түсетін негізгі күшке айналдырады.

Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ аудандық филиалы 2022 жылдан бері жүйелі жұмыс жасап, мемлекеттік тілді насихаттауға өз үлесін қосып келеді.

Ұйымның бастамасымен қатарынан төрт жыл бойы аудан аумағында орналасқан елді мекендерде ауыл атауын, көше атауын өзгерту бойынша еліміздегі ономастикалық өзгерістердің бағыт-бағдарын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

халқы бірлігі күні, Астана күні сияқты маңызды мерекелерде және басқа да іс-шаралар кезінде ұлттық киімдерін киіп, әр ұлт өздерінің тілдері мен мәдениетін насихаттап, жан-жақты таныстырып жатады.

Жалпы мереке қарсаңында ауданда дәстүрлі Тілдер онкүндігі жүреді: ашық сабақтар, шешендік өнер сайыстары, көрмелер, әр ұлт өкілдерімен кездесулер, этномәдени бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен өтетін дөңгелек үстелдер.

Сондай-ақ жас ұрпаққа ерекше көңіл бөлінеді, себебі елдің тіл болашағы – жастардың қолында.

Тіл – ұрпақтар мен халықтарды жалғастыратын алтын арқау

Тіл дегеніміз – жай ғана қатынас құралы емес. Ол – халықтың жады, тарихы, даналығы мен рухы. Ана тілімізді қастерлеп, көрші халықтардың тілін құрметтегенде ғана Қазақстанды ұлы ететін басты байлық – көпұлттылық пен бірлік нығая түседі.

Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі барлық аудан тұрғындарын Қазақстан халқының тілдері күнімен құттықтайды! Барша қазақстандықтарды біріктіретін қазақ тілі мәртебелі де мерейлі болып, айналамыздағы әр халықтың тілі жүрегімізден, мектебімізден, отбасымыздан орын алсын.

Бірлік пен келісім – ең қымбат байлығымыз! Әрине, еліміздің біртұтас көпмәдениетті символын айшықтайтын қазақстандық этностардың мәдениеті мен дәстүрлері сақталып, өсіп-өркендейді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Өйткені бірлік болса ғана, тірлік болады. Бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ ұлтының мүшесі сезінеді. Біз біріміз – бір отбасымыз. Біз – бір елдің перзенті, бір халықтың ұл-қызымыз! Ұлы даланың ұлан-ғайыр жерінде бірімізге орын жетеді. Осы киелі мекенде біріміздің де көздің қарашығындай сақтайтын және сол үшін еңбек етіп, өмір сүретін қастерлі дүниелеріміз бар», – деген сөздері осыған дәлел.

Мадияр МОЛДАБЕК,
Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

Одан қалды, қоғам мүшелері мектепке баратын балалардың ата-аналарымен кездесіп, балабақшада қазақ топтарын, ал мектептерде қазақ сыныптарын ашу бойынша кездесулер өткізіп тұрады. Қазірдің өзінде бұл жұмыстар өз жемісін беруде.

Аудандық білім бөлімімен бірлесіп, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында мемлекеттік тілде оқылатын мектепалды даярлық тобы, №2 Булаев орта мектебінің шағын орталығында бір топ ашылды. 2026-2027 жаңа оқу жылында Батыр Баян атындағы мектеп-гимназияда және Лебяжье негізгі мектебінде мемлекеттік тілде оқылатын 1-ші сыныптар ашылды.

Әрине, бұл тұста, ата-аналардың бастамасы мен ниеті аса маңызды. Сондықтан ортақ міндетке жүгінген барша қауымның алған бағыты айқын.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті ері оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Қазіргі таңда көптеген отбасылар балаларын қазақ тілінде оқытатын мектептерге қазақ жақын орналасқан мектептердегі қазақ сыныптарына ана тілін жетік меңгеру үшін беріп, оқытып жатқандары қуантарлық жағдай.

Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, «тамшыдан тама-дана дария болар» дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деген сенімдемін.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы»
ҚБ СҚО бойынша Мағжан Жұмабаев
аудандық филиалының төрағасы.

ҚАЗАҚСТАНДА 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРЕДІ?



Оқушыларды қандай жаңалық күтіп тұр

Сонымен, 1 қыркүйекте еліміздегі 8 мыңнан астам мектепте сабақ басталды. Биыл 380 000-нан астам бала бірінші сыныпқа барды. Қала мектептерінде шамамен 191 000 бала, ал ауыл мектептерінде шамамен 128 000 бала оқиды.

2-4-сынып оқушыларының білімін бағалаудың жаңартылған тәсілдері енгізілді. Бұл ретте критериялы бағалау жүйесі сақталады, ал 1-сыныптарда бағалау тәртібі өзгеріссіз қалады. Бұған дейін тоқсандық бағана шығару кезінде оқушының күнделікті сабақта алған формативтік бағалары жалпы нәтиженің 25 пайызын құрайтын. Енді бұл көрсеткіш 50 пайызға дейін артады, яғни тоқсандық бағаның жартысы оқушының тоқсан бойындағы күнделікті сабақтағы оқу нәтижесі негізінде қалыптасады. Бұл өзгеріс оқушының сабақтағы тұрақты еңбегін, тапсырмаларды орындауын және оқу мақсаттарын меңгеру деңгейін қорытынды бағалауда көбірек ескеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар оқу бөлімдерін меңгеру нәтижесін анықтау үшін аралық бағалау енгізілді. Жаңа тәртіпке сәйкес, педагог тоқсан ішінде әр пән бойынша әр оқушының өткізілген сабақтардың кемінде 30%-ында бағалауы керек. Мысалы, тоқсанда пән бойынша 30 сабақ өткізілсе, әр оқушы кемінде 9 сабақта формативтік бағал алуы тиіс. Бұл – бағалаудың ең төменгі жиілігі. Педагог оқушыны одан да жиі бағалай алады.

Ал білім беру мазмұнына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 5–7-сыныптарға «Конституция негіздері», 8–11-сыныптарға «Заң және тәртіп», 5–11-сыныптарға «Жеке қауіпсіздік» міндетті оқу курстары енгізілді. Бұған дейін таңдау пәні ретінде оқытылған «Қуқық негіздері» барлық оқушы үшін міндетті пәнне айналып, оның мазмұны Жаңа Конституция қағидаттарына сәйкестендірілді. Сонымен бірге жасанды интеллект білім беру мазмұнына кезек-кезеңімен кіріктіріліп жатыр. Осыған байланысты «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің атауы мен мазмұны жаңартылды.

Білім саласындағы келесі өзгеріс, 1 қыркүйектен бастап алғашқы әскери дайындық пәні жаңартылған бағдарламамен өтеді. Пән «Алғашқы әскери дайындық» атауын қайта келініп, оқыту форматы түбегейлі өзгерген. Бұл өзгерістер пәннің мазмұнына және педагогтерді даярлау тәсілдеріне де қатысты. Енді оқытушылардың біліктілігін арттыру әскери оқу орындарында ұйымдастырылады. Бұл олардың практикалық даярлығын күшейтуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек заңнамада педагогтердің әскери өтілі болуы да қарастырылған.

Үстаздарды аттестаттау ережесі өзгереді

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаға 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін педагогтердің білімін бағалауды (ПББ) бірінші рет тапсырып, мөмілделген біліктілік санаты бойынша шекті балл жинай алмаған, аттестаттауға жататын педагогтер мен жоба іске қосылған кезде ПББ-ға тіркелген, бірақ тәжірибеге кіріспеген немесе ПББ-ға тіркелмеген, кезекті не мерзімнен бұрын аттестаттауға жататын педагогтер қатысады.

Енді педагогтің кәсіби деңгейі тест нәтижесімен емес, оның күнделікті жұмысы мен білім беру сапасына қосқан нақты үлесі арқылы бағаланатын болады. Педагогтер үшін міндетті пәндік тестілеу алынғын тасталды. Бұл талап тек педагогикалық қызметке жаңадан келген мамандарға, жұмысын қайта бастаған мүғалімдерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының басшылары мен өдіскерлеріне қатысты сақталады. Барлық рәсім «Үстаз» платформасы арқылы жүргізіледі. Бұл құжат айналымды қысқартып, процестің ашықтығы мен қолжетімділігін арттырады. Жаңа жүйе педагогтің кәсіби еркіндігін арттырып, оның

1 қыркүйектен бастап елімізде бірқатар өзгерістер орын алды. Орта білім беру саласында оқушылар жаңа Ата заң негіздері және қосымша бірнеше жаңа курста білім алады. Бастауыш сынып оқушыларының білімін бағалау жүйесі өзгеріп, педагогтерді аттестаттау тәртібі жаңартылады. Мұнан өзге де елеулі өзгерістер бар.

шығармашылық және өдістемелік әлеуетін толық іске асыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар қолданыстағы тәртіпке сәйкес, белгіленген талаптарды орындаған педагогтерге тиісті біліктілік санаты бойынша қосымша ақы жаңа оқу жылының басынан бастап төленеді. Ал алғашқы тәжірибеде шекті деңгейге жете алмаған педагогтерге қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Сабақ кезінде смартфон қолдануға шектеу қойылады

Жаңа оқу жылынан бастап оқушылардың сабақ кезінде смартфон пайдалануына шектеу енгізіледі.

Телефонды мүғалімнің оқу тапсырмасы болған жағдайда немесе төтенше жағдай кезінде пайдалануға рұқсат беріледі.

Смартфондарды сабақ уақытында сақтау тәртібін мектептер өздері белгілейді. Қажет болған жағдайда білім беру ұйымдарында телефондарға арналған арнайы орындар қарастырылуы мүмкін.

Мектептерде жасанды интеллект қолданыла бастайды

2026 жылғы қыркүйектен бастап білім беру процесіне жасанды интеллекттің енгізу бойынша жаңа тәсілдер қолданыла бастайды.

Мүғалімдерге жасанды интеллект құралдарын сабаққа дайындау және оқу процесінде тиімді пайдалану бойынша оқыту жүргізіледі.

Алдымен жаңа тәсілдер пилоттық мектептерде сынақтан өтеді. Бірінші кезеңде 10 мектеп, кейін 50 мектеп, одан соң тағы 300 мектепті қамту жоспарланған.

2026-2027 оқу жылы қашан аяқталады?

2026-2027 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 2027 жылғы 25 мамырда аяқталады.

Оқушылардың күзгі демалысы 26 қазаннан 1 қарашаға дейін, қысқы демалысы 28 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін, ал көктемгі демалысы 22-28 наурыз аралығында өтеді.

Бірінші сынып оқушыларына 8-14 ақпан аралығында қосымша демалыс беріледі.

Кімдер мектепте тегін тамақтанады?

Мемлекеттік мектептерде 1-4 сынып оқушыларының барлығы тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтылады. Сонымен қатар тегін тамақтану әлеуметтік осал санаттарға жататын 5-11 сынып оқушыларына да беріледі. Бұл шара мектеп жасындағы балаларды әлеуметтік қолдаудың негізгі бағыттарының бірі болып саналады.

Мектеп мәзірі қалай өзгереді?

Денсаулық сақтау министрілігінің ақпаратына, 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымдарында балалардың тұрғын өмірлеріне қажетті тамақтануға бағытталған жаңа Тамақтану стандарты қолданылады.

Стандарт бойынша тағам құрамындағы қант мөлшері 3,6 есеге, ал тұз мөлшері 5 есеге азайтылды. Сонымен бірге мәзірлері көкөніс, жеміс және сүт өнімдерінің үлесі артты.

Құрамында қант пен тұз жоғары өнімдерге де шектеу қойылды. Атап айтқанда, мәзірден шұжық өнімдері, мсталған өнімдер, спредтер және басқа да осындай өнімдер алынғын тасталды.

Құрамында қант бар сусындар мен шыршындардың орнына су, сүт, қышқыл сүтті сусындар және қант мөлшері төмен басқа сусындар ұсынылады.

Министріліктің мәліметінше, бұл өзгерістер балалардың тамақтану рационын жақсартуға және семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары аурулары сияқты созылмалы аурулардың даму қаупін төмендетуге бағытталған.

Мектептерге арналған алты түрлі мәзір әзірленді

2025 жылы бейніді және халықаралық сарапшылармен бірлесіп, мектепте бір реттік тамақтандыруға арналған алты нұсқадан тұратын мәзір әзірленді.

Мәзірді әзірлеу кезінде балалардың жасы, тағамның калориялық құндылығы және маусымдық ерекшеліктері ескерілді.

Осы мәзірлердің негізінде 2025–2026 оқу жылында еліміздің барлық өңірінде перспективалық мәзірлер бекітілді.

Денсаулық сақтау министрілігі жаңа стандарт бір реттік шара емес, балалардың тамақтануын ұйымдастырудың тұрақты

тәсілі екенін атап өтті.

Сондықтан жаңа оқу жылында оның талаптары мәзір әзірлеу, азық-түлік өнімдерін сатып алу, сақтау және дайындау кезінде жүйелі түрде сақталуы тиіс.

Паспорт алу рәсімдері өзгерістер

Шетелде жүрген азаматтарымыздың паспорт рәсімдері үшін қайда және қалай құжат тапсыратынына қатысты тәртіп те қыркүйектен бастап жаңартылды. Азаматтарымыз паспорт рәсімдері үшін еліміздің сол мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне жүгінуі керек. Атап айтқанда, бұл қызметті шетелде тұрақты тұратын азаматтар, шетелде оқып жүрген студенттер мен еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндер, Қазақстаннан тыс жерде туған көмелетке толмағандар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері пайдаланады.

Сонымен қатар мұндай мүмкіндік шетел азаматтарының отбасы мүшелеріне, дипломатиялық қызмет өкілдерінің туыстарына, карт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын жақындырына күтім жасайтын адамдарға беріледі. Сондай-ақ шетелде ұсталған, қамауда отырған немесе жазасын өтеп жүрген Қазақстан азаматтары да паспорт рәсімдері алады.

Егер Қазақстанның шетелдегі мекемесі «Шетелдегі мекемелерге арналған халықты құжаттандыру және тіркеу» цифрлық жүйесіне қосылған болса, паспорт 40 жұмыс күні ішінде рәсімделеді. Ал аталған жүйеге қосылмаған жағдайда паспорт рәсімдеу мерзімі 90 күнтізбелік күнге дейін созылады.

Бейнебақылау жүйелерінің ұлттық стандарты

1 қыркүйектен бейнебақылау жүйелеріне қойылатын алғашқы ұлттық стандарт қолданысқа енгізілді. Стандарт ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу және реконструкциялау кезінде қолданылатын бейнебақылау жүйелеріне қойылатын бірінші талаптарды белгілейді. Құжат бейнекамераларды таңдау, орналастыру және пайдалану талаптарын біріздендіруге, сондай-ақ жабықтардың өзара үйлесімділігін арттыруға бағытталған.

Алғаш рет ұлттық деңгейде бейнекамералардың қолданылу мақсатына қарай жіктелуі белгіленді. Олар сыртқы аумақтарды бақылауға, ғимараттар мен құрылыстардың ішкі үй-жайларын бақылауға, адамдарды анықтау мен сәйкестендіруге, көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін таңдау, сондай-ақ басқарылатын бейнекамераларға арналған болып белгіленді.

Сонымен қатар, стандартта бейнебақылау жүйелеріне қойылатын жүйелік талаптар бекітілген. Атап айтқанда, олар бейнемәліметтерді үздіксіз тіркеуді, беруді, ондеуді және кемінде 30 тәулік сақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Жүйелер өзара іс-қимылдың заманауи қаттамаларын қолдауы, ұлттық ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай ақпаратты қорғауы, сондай-ақ тұлғаларды, көлік нөмірлерін таңу және оқталарды тіркеуді қоса алғанда, зияткерлік бейнеталдауды қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

Үй кезегінде тұрғындарға арналған өзгерістер

1–7 қыркүйек аралығында үйге мұқтаж ретінде кезекте тұрған азаматтар өз ауданының аумағынан қолайлы жалдамалы тұрғын үйі өздері таңдап, оны алу үшін басpara.otbasybank.kz порталында өтініш бере алады. Өтініштерді қабылдау аяқталғаннан кейін Отбасы банк тұрғын үй алушыларын тізімнің қалыптастырады. Тұрғын үйді бөлу кезінде есепке қойылған күні, отбасының соңғы алты айдағы табыс деңгейі, отбасы құрамы және өтініш берушінің әлеуметтік мәртебесі ескеріледі. Сонымен қатар, қағидаларда азаматтардың жекелеген санаттарына басымдық беру көзделген. Мемлекеттік тұрғын үйдің кемінде 20%-ы жетім балалар мен ата-анасын қамқорлығынсыз қалған балаларға бөлінеді. Тағы кемінде 50%-ы әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтардың жекелеген топтарына қарастырылған.

Тағы бір өзгеріс кезекте тұрған азаматтарға

берілетін тұрғын үйді айқындау шарттарына қатысты. Бұл норма 2026 жылғы 14 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі. Тұрғын үйдегі бөлмелер санын айқындау кезінде отбасы құрамы ескеріледі. Атап айтқанда, ерлі-зайыптылар мен ата-аналарға, сондай-ақ әртүрлі жынныстағы балаларға жеке бөлме беру талаптары қарастырылған. Алдағы уақытта бұл тәртіп тұрақты негізде қолданылады. Тиісті ауданның ауылдық елді мекендерінде қолжетімді жалдамалы тұрғын үй пайда болған сайын, тұрғын үйге мұқтаж ретінде тұрған азаматтар оны өздері таңдап, алуға өтініш бере алады.

Биологиялық белсенді қоспаларды таңдау талабы енгізілді

1 қыркүйектен бастап елімізде биологиялық белсенді қоспаларды (ББК) міндетті цифрлық таңдау талабы күшіне енеді. Көрсетілген күннен кейін өндірілген немесе Қазақстан аумағына әкелінген барлық өнім Data Matrix кодымен таңдалуы тиіс.

Мемлекет бұл шара ББК-ның нарықтағы айналымының ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етуге, адал бизнесіні жосықсыз бәсекеден қорғауға және заң бұзушылықтарды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді деп күтеді. Таңдалаумен нарықтың жеткілікті бөлігі қамтылғаннан кейін сатып алушылар қаптамадағы Data Matrix кодын Naqyt Onim қосымшасы арқылы сканерлеп, сатып алатын ББК-ның заңдылығын өз бетінше тексере алады. Бір таңдалу кодын ең жоғары құны ҚҚС-сыз 2,68 теңге болады.

Сыра өнімдері таңдалады

Шыны бөтелкелердегі сыра мен сыра сусындарын міндетті цифрлық таңдау да ертеңнен баста енгізіледі. Осы күннен кейін өндірілген немесе импортталған өнімнің әрқайсысында Data Matrix таңдалу коды болуы керек. Ал 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап металл банкалардағы сыра мен сыра сусындары да міндетті цифрлық таңдалуға көшеді.

Жаңа жүйе өнімнің өндірісінде немесе импорттаушыдан бастап бөлшек саудаға дейінгі қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Болашақта тауарды айналымға қатысушылар арасында беру кезінде құжаттарды электронды түрде рәсімдеу және растау арқылы өнімнің толық қадағалануы қамтамасыз етіледі.

Декларация тапсыру мерзімі аяқталады

15 қыркүйек – 2025 жылға арналған активтер мен міндеттемелер туралы 250.00 нысанындағы декларацияны және кірістер мен мүлік туралы 270.00 нысанындағы декларацияны тапсырудың соңғы күні.

270.00 нысанындағы декларацияны мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайлары, кейбір басшылар мен бизнес иелері, банктер мен сактандыру ұйымдарының ірі қатысушылары, нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары, медиаторлар, цифрлық активтер мен шетелдік активтер немесе шоттары бар азаматтар, сондай-ақ салық салынатын табысты өз бетінше алған кейбір тұлғалар тапсырады.

Декларацияда 2025 жылғы өзгерістер көрсетілуі керек. Шетелде 2025 жылғы 31 желтоқсанда меншікте болған пәтер, үй және жер учаскелері де енгізіледі. Жыл ішінде жылжымайтын мүлік сатып алынған немесе сатылған болса, бұл операциялар да көрсетілуі тиіс.


Жыл ішінде жалпы құны 20 000 АЕК-тен, яғни шамамен 78 млн теңгеден асатын ірі сатып алулар да декларацияда көрсетіледі. Бұған жылжымайтын мүлік, автокөлік, арнайы техника, ЖПС-дегі үлес, бағалы қағаздар, тұрғын үй құрылысына қатысу үлесі және инвестициялық алтын жатады.

Егер декларация нәтижесінде жеке табыс салығын төлеу міндеті туындаса, оны 2026 жылғы 25 қыркүйекке дейін төлеу қажет.

Зейнетақы жинағын басқару мүмкіндігі кеңейді

7 қыркүйектен бастап салымшылар зейнетақы жинақтарын 100%-ға дейін сенімгерлік басқаруға бере алады. Бұған дейін бұл шек 50% болған.

Салымшы қаражатының қандай бөлігін аударғысы келетінін өзі шешіп, инвестициялық портфельді басқарушыны таңдай алады. Жеке басқарушыға оту міндетті емес. Егер салымшы өтініш бермесе, жинақтар бұрынғыдай Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы Ұлттық банктің басқаруында қала береді.




Дүйсенбі, 7 қыркүйек	Сейсенбі, 8 қыркүйек	Сәрсенбі, 9 қыркүйек	Бейсенбі, 10 қыркүйек	Жұма, 11 қыркүйек	Сенбі, 12 қыркүйек	Жексенбі, 13 қыркүйек
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35, 15.30, 04.45 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.05, 03.30 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.15 АПТА. 14.55 АҚОРДА. 15.15, 04.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПІЯСЫ». 22.20, 01.35 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.10 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.15, 04.05 АҚСАУЫТ. 14.35, 04.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 14.55, 04.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПІЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.10 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.15, 04.05 ЗАҢ АЛДЫНДА. 14.35, 04.20 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 14.55, 04.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПІЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.10 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.15, 04.05 ТАЗА САНА. 14.55, 04.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӨЛІШЕСІ. 21.20 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 21.25 Т/Х «ЕСТАЙ МЕН КОРЛАН». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 04.30 ІЗГІЛІК ФОРМУЛА- СЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.00 АҚША ӨЛІШЕСІ. 06.05, 03.50 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 03.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.15 КӨРІНБЕЙТІН ДИАГНОЗ. 14.30 Д/Ф. 14.55, 04.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «ЕСТАЙ МЕН КОРЛАН». 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 22.20, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.05, 02.55 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.45 «ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ». 08.05 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.45 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00 «PRIME ERA». 12.25, 20.30 «SUPERSTAR KZ». 14.35 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАҢ». 15.25 «ҚЫЗЫМ», Х/Ф. 17.40, 02.30 ҚҰРЫЛТАЙ. 20.15, 02.15 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 22.30 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 23.25 «СОНҒЫ СОҚҚЫ», Х/Ф. 04.45 «КОҚЫСТЫҢ КҮПІЯ ӘЛЕМІ», Д/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «АҚСАУЫТ». 06.10, 02.40 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 08.05, 04.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 08.25, 02.05 Д/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00 «ЖАСАМПАЗ ҰЛТ». 12.25 «SUPERSTAR KZ». 14.35 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАҢ». 15.00 «СОНҒЫ СОҚҚЫ», Х/Ф. 17.40, 01.45 «АҚОРДА». 20.00, 01.05 АПТА. 20.40 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 21.35 Е. СЕРКЕБАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ. 22.55 «ҚЫЗЫМ», Х/Ф. 04.45 «КОҚЫСТЫҢ КҮПІЯ ӘЛЕМІ».

Дүйсенбі, 7 қыркүйек	Сейсенбі, 8 қыркүйек	Сәрсенбі, 9 қыркүйек	Бейсенбі, 10 қыркүйек	Жұма, 11 қыркүйек	Сенбі, 12 қыркүйек	Жексенбі, 13 қыркүйек
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 05.45 ҰЛЫҚПАҢ ЖОЛДАСОВ. 07.00 ОЯН. 09.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 АЙТЫС АЙНАСЫ. 13.45 КИТАПТЕНД. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА». 15.30, 20.00 Т/Х «ЛОВУШКА». 16.30 НОВОСТИ. 17.00 COVER SHOW. 18.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 18.30 ЭЗІЛ БӨЙГЕ. 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 22.00 КОҒАМ ПІКІРІ. 22.00 ҚОҒАРАС. 23.30 Т/Х «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.30 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ!. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 05.45 Б. МУХИТИДИНОВАННЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 09.30 «БАЙДЫҢ ҚЫЗЫН АЛАМЫН», Х/Ф. 11.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.00 ЭЗЕКТІ. 14.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА». 15.30, 20.00 Т/Х «ЛОВУШКА». 16.30 НОВОСТИ. 17.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 18.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 18.30 ЭЗІЛ БӨЙГЕ. 22.00 «АҒАШКИ ПО ВЫЗОВУ», Х/Ф. 23.30 Т/Х «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.30 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ!. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 05.45 К. ДҮЙСЕКЕВТІ ЕСКЕ АЛУ КЕШ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 09.30 «АҒАШКИ ПО ВЫЗОВУ», Х/Ф. 11.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА». 15.30, 20.00 Т/Х «ЛОВУШКА». 16.30 НОВОСТИ. 17.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 18.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 18.30 ЭЗІЛ БӨЙГЕ. 22.00 «АҒАШКИ ПО ВЫЗОВУ 2: НАЧАЛО», Х/Ф. 23.30 Т/Х «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.30 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ!. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 05.45 БІРЛІК БІ АНСАМБЛ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 09.30 «АҒАШКИ ПО ВЫЗОВУ», Х/Ф. 11.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 ЭЗЕКТІ. 14.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА». 15.30, 20.00 Т/Х «ЛОВУШКА». 16.30 НОВОСТИ. 17.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 18.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 18.30 ЭЗІЛ БӨЙГЕ. 22.00 «ПАРКОВЩИКИ», Х/Ф. 23.30 Т/Х «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.30 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ!. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 05.45 К. ШІЛДІБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 09.30 «ПАРКОВЩИКИ», Х/Ф. 11.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 ЦИФРОВОЙ КОД. 14.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА». 15.30, 20.00 Т/Х «ЛОВУШКА». 16.30 НОВОСТИ. 17.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 18.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 18.30 ЭЗІЛ БӨЙГЕ. 22.00 «ВОРИШКИ», Х/Ф. 23.30 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ!. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 COVER SHOW. 05.45 КОНЦЕРТ. 08.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 11.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 13.00 АЗАМАТ. 14.00 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 14.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА». 15.30 Т/Х «ЛОВУШКА». 16.30 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 18.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК. 22.00 7 КҮН. 22.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 23.00 КЕШКЕС. 00.15 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ!. 02.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 COVER SHOW. 06.00 КОНЦЕРТ. 08.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 11.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 13.00 ӨМІР ӨРНЕГІ. 14.00 БАЛАМ ҮШІН. 14.30 М/Ф. 15.30 Т/Х «ЛОВУШКА». 16.30 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК. 18.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ НОВОСТИ. 23.00 CREATIVE QAZAQSTAN. 23.30 «КҮШАҚТАШЫ, МАМА», Х/Ф. 01.00 ПОДКАСТ. АЗАМАТ LIVE. 02.00 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ!. 03.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 7 қыркүйек	Сейсенбі, 8 қыркүйек	Сәрсенбі, 9 қыркүйек	Бейсенбі, 10 қыркүйек	Жұма, 11 қыркүйек	Сенбі, 12 қыркүйек	Жексенбі, 13 қыркүйек
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/С «В ОТРАЖЕНИИ ТЕБЯ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 13.10 АНАЛИТИКА. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. БЛИЗКИЙ ВРАГ». 02.35 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «В ОТРАЖЕНИИ ТЕБЯ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. БЛИЗКИЙ ВРАГ». 02.35 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. БЛИЗКИЙ ВРАГ». 02.35 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. БЛИЗКИЙ ВРАГ». 02.35 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 21.00 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.30 Т/С «ЗАГЛАДКА НА ДВОИХ-2: ПРОПАВШИЙ ПАЦИЕНТ».	06.00, 04.00 ҚАЙМАҚ. 08.15 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 09.20 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 10.40 ПОЛЕ ЧУДЕС. 12.15 «СПРОСИТЕ МЕДЦЕСТРУ-2», Х/Ф. 17.30 ТОЧЬ-В-ТОЧЬ. 20.00 BASTYPRIME. 20.35 «ДОЖДЬ НА ИСХОДЕ ЛЕТА», Х/Ф. 01.50 Т/С «ГОРОДСКОЙ ПЕЙЗАЖ».	06.00, 03.30 ҚАЙМАҚ. 08.35 «BASTYPRIME». 09.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 12.15 «СПРОСИТЕ МЕДЦЕСТРУ-2», Х/Ф. 17.40 «БЛОКБАСТЕР», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «ДОЖДЬ НА ИСХОДЕ ЛЕТА», Х/Ф. 02.10 «КОМАНДЫ».

«Жан көрінісі – сөз, сөз көрінісі – жазу».
«Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес,
мінезден».
«Мен жастарға сенемін!»
«Оқып үйрен, талмай ізден, еңбектен!»
«Елдің болашағы – жастардың қолында».
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



КОНОХОВО АУЫЛЫНДА ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Конюхово ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді, оған Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Кирилл Сергеевич Иванников, Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Абай Қазисов қатысып, жаңа нысанды салтанатты түрде ашты.

Конюхово ауылында пайдалануға берілген жаңа өрт сөндіру бекеті төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етуге, оқиға орнына жету уақытын қысқартуға және ауыл мен оған жақын орналасқан елді мекендер тұрғындарының қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Конюхово ауылында ашылған жаңа 251-ші «Ауыл құтқарушылары» өрт сөндіру пункті екі елді мекенді – Конюхово және Куломзино ауылдарын өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ететін болады. Бөлімшенің жауапкершілік аймағында 321 адам тұрады, 130

аула бар.

Жаңа өрт сөндіру пункті толығымен салынып, қызмет атқару үшін жабдықталған. Бөлімшенің штаты 6 адамды құрайды. Өрт сөндіру бекеті Конюхово ауылдық округі әкімдігінің базасында орналасқан. ТЖМ жеделден қою үшін бөлімшеге өрт техникасы, өрт-техникалық қару-жарақ және қажетті жабдықтар берілді. Сондай-ақ жеке құрамның жедел ері тиімді қызмет атқаруына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, жаңа бекет қажетті арнайы техникамен және заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп отыр.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ



ҚАРИЯЛАР ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕРДІҢ БАСЫНДА

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Ысқақов пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Любовь Егоровичева жаңа оқу жылының алдында аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жеке барып, мектепке арналған кеңсе керек-жарақтарымен толтырылған жаңа сөмкелер табыс етті.

Аға буын өкілдері сыйлықтар беріп қана қоймай, әр балаға жылы лебіздерін білдіріп, жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Олар балаларға жақсы бағалар алуға, адал достар табуға және қиындықтардан қорықпауға шақырды.

Мұндай игі істер ұрпақтар сабақтастығының қаншалықты маңызды екенін паш

етеді.

Біздің ардақты ардагерлеріміздің даналығы мен мейірімділігі оны ең қажет ететін жандарға жылу, қолдау және ғажайыпқа сену керектегі тағы да дәлелдеді.

Балаларға арналған бұл оқу жылы жақсылықпен басталып, оларды үлкен жетістіктерге жетелесін дейміз.



ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ЕНДІ ДЕКРЕТТІК ТӨЛЕМДІ ОНЛАЙН РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

Елімізде аяғы ауыр әйелдер мемлекеттен босануға байланысты төлемді алу үшін үйден шықпай-ақ, Kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы рәсімдей алады.

Бұған дейін аяғы ауыр әйелдер босануға байланысты төлемді рәсімдеу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) барып, қажетті құжаттарды жинап, өтініш беретін еді. Оған көп уақыт кететін.

Енді бұл қызметті онлайн алуға болады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, азаматтар өтінішті бұрынғыдай eGov.kz порталы арқылы электронды түрде де бере алады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Бахтияр Жазықбаев министрлік азаматтарға көрсетілетін қызметтерді барынша жеңілдетуге басымдық беріп отырғанын атап өтті.

«Мемлекет көмекті азаматтарға барынша оңай жолмен беру үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін істеп жатыр. Біздің басты мақсатымыз – қағазбастылықты, адамдардың мемлекеттік органдардың есігін қағып жүруін барынша азайту. Бұл әсіресе, аяғы ауыр әйелдер мен жас аналар үшін өте маңызды. Енді цифрландырудың нәтижесінде миллиондаған азамат мобильді




қосымша арқылы қажетті қызметті пайдалана алады», - деді вице-министр.

Қазір жұмыс істейтін, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қосылған әйелдер Kaspi.kz қосымшасындағы «Гид» бөліміне кіріп, өтініш беру тәртібі көрсетілген қадамдық нұсқаулықпен таныса алады.

Қазір елімізде бірыңғай банкаралық QR жүйесі іске қосылған. Мұнда сатып алушы бір жүйемен қай банктің клиенті екеніне қарамастан төлем жасай алады. Бірыңғай банкаралық QR жүйесі 19 шілдеде іске қосылған.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ



Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметіне қосылуыңызға болады.

Директор – бас редактор
Нелі ГОИЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вест» ЖШС»

Ресубликалық мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.
Тел 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасмына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magjan zhuldyzy» газеті
редакцияда тегін беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл к., Коммунал к-сі, 5 үй).
Тарамағы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
мәслихаттық жарналар арқылы
жүргізілетін рәсім баспадан
тыбылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қолдаған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады